

**Механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқауды ұйымдастыру және жүргізу қағидасын, механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудан өткізудің кезеңділігін , сондай-ақ техникалық байқаудың диагностикалық картасының нысанын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 17 мамырдағы № 523 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 622 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 622 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

«Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі Заңының 6-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқауды ұйымдастыру және жүргізу қағидасы;
- 2) механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудан өткізудің кезеңділігі;
- 3) техникалық байқаудың диагностикалық картасының нысаны бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
	<i>К. Мәсімов</i>
Қазақстан	Республикасы
Үкіметінің	
2011 жылғы	17 мамырдағы
№ 523	қаулысымен
бекітілген	

**Механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқауды ұйымдастыру және жүргізу қағидасы**

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.08.07 № 1027 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқауды ұйымдастыру және жүргізу қағидасы (бұдан әрі – Қағида) «Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі Заңының 6-бабына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағида Қазақстан Республикасының аумағында пайдаланылатын және жол жүрісі қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органда тіркелген механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібін айқындайды.

3. Осы Қағидада мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) көліктік бақылау органы – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің аумақтық көліктік бақылау органдары;

2) механикалық көлік құралының және оның тіркемелерінің иесі – механикалық көлік құралын және оның тіркемелерін меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе шұғыл басқару құқығында немесе кез келген басқа да заңды негізде иеленетін жеке немесе заңды тұлға;

3) міндетті техникалық байқау жүргізу – міндетті техникалық байқауға қатысушы ретінде өз құқықтарына және міндеттеріне сәйкес осы Қағидада көзделген техникалық байқау операторы жүзеге асыратын іс-қимылдар;

4) міндетті техникалық байқаудан өту – міндетті техникалық байқауға қатысушы ретінде өз құқықтарына және міндеттеріне сәйкес осы Қағидада көзделген механикалық көлік құралдарының және олардың тіркемелерінің иесі жүзеге асыратын іс-қимылдар;

5) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көліктік бақылау комитеті;

6) техникалық байқау орталығының маманы – механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқауды жүргізуді жүзеге асыратын техникалық байқау операторының қызметкері;

7) бақылау-диагностикалық жабдық – механикалық көлік құралдарының және олардың тіркемелерінің техникалық жай-күйінің параметрлерін анықтау үшін қолданылатын сынау жабдықтары және өлшеу құралдары.

4. Механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін (бұдан әрі – көлік құралдары) міндетті техникалық байқауды жүргізудің негізгі міндеттері:

- 1) жол қозғалысына қатысушы көлік құралдарының техникалық жай-күйінің осы Қағиданың 41-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігін бағалау;
- 2) көлік құралдарының техникалық жай-күйінің осы Қағиданың 41-тармағында белгіленген талаптарға сәйкессіздігі салдарынан туындаған жол-көлік оқиғаларының алдын алу;
- 3) көлік құралдарын пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету және көлік құралдарын пайдаланудың қоршаған ортаға зиянды әсерін төмендету;
- 4) көлік құралдарының техникалық жай-күйі бойынша статистикалық талдау б о л ы п т а б ы л а д ы .

5. Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық корпусқа және оның дипломатиялық иммунитеті бар қызметкерлеріне, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ тұлғаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктеріне, шетелдік қатысуы бар кәсіпорындарға тиесілі көлік құралдарын міндетті техникалық байқау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық өкілдіктерімен жұмыс жөніндегі ұйымдар арқылы жүргізіледі.

6. Әскери жағдай немесе жұмылдыру жариялаған, әскерлерді ұрысқа әзірліктің жоғарғы дәрежесіне көшірген кезде көлік құралдарының техникалық жай-күйін тексеру жергілікті әскери басқару органдары өкілдерінің қатысуымен техникалық байқау операторымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 шілдедегі № 747 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы әскери-көлік міндеттілігі туралы ережеге сәйкес жүргізіледі.

## **2. Міндетті техникалық байқауды ұйымдастыру тәртібі**

7. Міндетті техникалық байқауды көлік құралының тіркелген жеріне және көлік құралы иесінің тұрғылықты жеріне қарамастан, бірақ көлік құралының санатына сәйкес техникалық байқаудың стационарлық және ұтқыр желілерін пайдалана отырып, техникалық байқау операторлары жүргізеді.

8. Көлік құралдарының міндетті техникалық байқауын өткізуді техникалық байқау операторларының тізіліміне қосылған күнінен бастап техникалық байқау операторлары жүзеге асырады.

9. Техникалық байқау операторлары жария шарт негізінде қызмет көрсетеді.

10. Көлік құралдарының иелері:

1) көлік құралының тіркелген жеріне және өзінің тұрғылықты жеріне (тұрғылықты орнына) қарамастан, міндетті техникалық байқаудан өту үшін техникалық байқау орталығын дербес таңдайды;

2) Механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудан өткізудің кезеңділігімен бекітілген міндетті техникалық

байқауды өткізу мерзімінің шегінде міндетті техникалық байқаудан өту уақытын  
д е р б е с а н ы қ т а й д ы ;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті техникалық байқаудан өтуді жеке немесе өздерінің өкілдері арқылы жүзеге асырады;

4) техникалық байқау операторларына техникалық байқау операторлары белгілеген тариф шегінде міндетті техникалық байқау өткізу қызметтері үшін  
т ө л е м ж ү р г і з е д і ;

5) міндетті техникалық байқаудан өту үшін осы Қағиданың 11-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

11. Міндетті техникалық байқаудан өту үшін көлік құралының иесі техникалық байқау операторына мынадай құжаттарды ұсынады:

1) көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;

2) жеке тұлғалардың «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы кодексінде (Салық кодексі) белгіленген тәртіппен ағымдағы күнтізбелік жыл үшін көлік құралдары салығын төлегенін растайтын немесе оны төлеуден босату құқығын растайтын құжаттар.

12. Көлік құралдары иелерінің құжаттарын қабылдауға арналған үй-жай мыналар көрсетілген ақпараттық стенділері бар көлік құралдары иелері үшін қолжетімді жерде жабдыкталады:

1) техникалық байқау операторының жұмыс режимі;

2) техникалық байқау операторының қызмет өңірі;

3) қызмет өңірінде міндетті техникалық байқаудан өткізу кестесі;

4) көліктік бақылау органының байланыс телефондары;

5) техникалық байқау операторының тарифтері.

13. Техникалық байқау операторы көлік құралдары иесінің өтініші бойынша көлік құралдарын міндетті техникалық байқаудан өткізу кезінде орындалатын жұмыстарға қатысты мәліметтерді хабарлайды.

14. Техникалық байқау операторы:

1) міндетті техникалық байқауды өткізу жөніндегі жұмыстарды орындау процесінде осы Қағидада және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарды сақтайды;

2) пайдаланатын өндірістік үй-жайлар, жабдықтар, материалдық ресурстар жай-күйінің және оларды пайдалану шарттарының белгіленген техникалық талаптарға, сондай-ақ метрологиялық нормалар мен қағидаларға сәйкестігін қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

3) осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес көлік құралдарының міндетті техникалық байқаудан өткені туралы куәліктердің бланкілерін есепке алу және беру журналында міндетті техникалық байқаудан өткені туралы куәліктер

бланкілерін жұмсауды есепке алуды жүзеге асырады;

4) міндетті техникалық байқауды өткізу құны және мерзімі туралы көліктік бақылау органына мәлімет ұсынады;

5) жеке тұлғалар ұсынған ағымдағы күнтізбелік жыл үшін көлік құралдары салығын төлегенін немесе оны төлеуден босату құқығын растайтын құжаттар негізінде механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудың бірыңғай ақпараттық жүйесіне мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

15. Техникалық байқау операторларына:

1) көлік құралының иесіне міндетті техникалық байқау өткізуден немесе техникалық байқаудың диагностикалық картасын әзірлемей міндетті техникалық байқаудан өткені туралы куәлікті беруден бас тартуына;

2) міндетті техникалық байқаудан өткізу мерзімінің бұзылуына байланысты міндетті техникалық байқауды өткізу шарттарын өзгертуіне;

3) көлік құралының иесінен міндетті техникалық байқауды өткізуге байланысты қосымша сыйақыны талап етуіне жол берілмейді.

16. Көлік құралдарын міндетті техникалық байқаудан өткізу уақыты 30 минуттан аспайды.

17. Көлік құралдарына міндетті техникалық байқауды жүргізуді мамандығы бойынша жұмыс өтілі 1 жылдан кем емес, жоғары техникалық немесе орта-арнаулы техникалық білімі бар көлік құралдарының техникалық жай-күйінің технологиясын және диагностикалау технологиясын және әдісін игерген техникалық байқау орталығының маманы жүзеге асырады.

18. Техникалық байқау операторлары қызмет өңірі шегінде көлік құралдарын міндетті техникалық байқаудан өткізуді қамтамасыз етеді.

19. Техникалық байқау операторы елді мекендердің атауы, техникалық байқау операторымен көлік құралдарына міндетті техникалық байқау жүргізу күні және орны туралы мәліметтерді қамтитын, қызмет өңірі шегінде көлік құралдарының міндетті техникалық байқауды өткізу кестесін (бұдан әрі – кесте) әзірлейді.

20. Кесте техникалық байқау операторларының тізіліміне енгізу туралы хабарламаны алған күнінен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде қызмет өңірі шегінде жергілікті атқарушы органға келісуге ұсынылады.

Кестені кейіннен жергілікті атқарушы органға келісуге ұсынуды техникалық байқау операторы жыл сайын қызмет өңірі шегінде көлік құралдарын міндетті техникалық байқауды өткізу басталғанға дейін, күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей жүзеге асырады.

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1532 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн**

өткен соң қолданысқа енгізіледі).

21. Жергілікті атқарушы орган келісуге ұсынылған кестені түскен күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарайды.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1532 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

22. Кестені жергілікті атқарушы органмен келіскен күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде техникалық байқау операторы қызмет өңіріндегі халықты кесте туралы хабардар етеді.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1532 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

23. Тізілімге енгізілген техникалық байқау операторы санын көрсете отырып, міндетті техникалық байқаудан өткені туралы куәлік бланкілерін (бұдан әрі – куәлік бланкілері) беру туралы өтінішпен көліктік бақылау органына жүгінеді.

24. Куәлік бланкілерін беру туралы өтінішті көліктік бақылау органы екі жұмыс күні ішінде қарайды.

Куәлік бланкілерін беру туралы өтінімді қарау қорытындысы бойынша көліктік бақылау органы бір жұмыс күні ішінде техникалық байқау операторының электронды мекенжайына куәлік бланкілерін беру туралы жазбаша хабарламаны немесе дәлелденген бас тартуды ұсынады.

25. Куәлік бланкілерін беру бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджет кірісіне түсетін бланктік өнімді өткізу қызметі үшін төлемнің төленгенін растайтын құжаттар ұсынылғаннан кейін жүргізіледі.

26. Осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес көліктік бақылау органы куәлік бланкілерін тіркеу, есепке алу және беру журналын жүргізеді.

27. Техникалық байқау операторларының міндетті техникалық байқауды өткізуден бас тартуға негізі:

1) көлік құралы иесінің осы Қағиданың 11-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбауы;

2) жол қозғалысы саласындағы орталық уәкілетті органның келісімінсіз, көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің деректеріне сәйкес келмейтін нөмірлік агрегаттары (қозғалтқыш, шасси, шанақ) ауыстырылған көлік құралдарын міндетті техникалық байқаудан өткізуге ұсыну;

3) мемлекеттік нөмір белгілерінсіз не көлік құралының мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінде көрсетілген белгілерге сәйкес келмейтін көлік құралдарын міндетті техникалық байқауға ұсыну болып табылады.

28. Осы Қағиданың 27-тармағында көрсетілген міндетті техникалық

байқауды өткізуден бас тарту негіздерінің бірі анықталған жағдайында техникалық байқау операторы көлік құралы иесіне ол туралы тез арада хабарлайды.

### 3. Міндетті техникалық байқауды өткізу тәртібі

29. Көлік құралдарының міндетті техникалық байқауы техникалық байқау операторларының стационарлық және ұтқыр желілерінде жүзеге асырылады.

30. Міндетті техникалық байқауды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының техникалық реттеу және өлшем бірліктерін қамтамасыз ету саласындағы заңнаманың талаптарына сәйкес келетін бақылау-диагностикалық ж а б д ы қ қ о л д а н ы л а д ы .

31. Бақылау-диагностикалық жабдық кедергіден қорғау желісі арқылы жалғаспалы арна бойынша өлшенген деректерді автоматтандырылған түрде беруді қамтамасыз ететін бірыңғай цифрлі хаттама жөнінде міндетті техникалық байқау желілерінің бірыңғай басқару жүйесіне біріктіріледі.

32. Бақылау-диагностикалық жабдықтың құрамына мынадай жабдықтар к і р е д і :

- 1) роликтік тежеуіш стендісі;
- 2) люфт о м е р ;
- 3) газ анализатор және түтін өлшегіш;
- 4) жарық фарын тексерудің электрондық аспабы;
- 5) рульмен басқару және ілгіштің детальдарында люфтілерді тексеру т е с т і л е р і .

33. Көлік құралдарының санатына байланысты көлік құралдарының тежеуіштің басқаруын тексеру мынадай роликтік тежеуіш стенділерінде жү р г і з і л е д і :

- 1) N3 және 04 санаттары үшін білікке түсетін барынша жүктемесі 16 т о н н а д а н к е м е м е с ;
- 2) M2, M3, N2, O3 санаттары үшін білікке түсетін барынша жүктемесі 10 т о н н а д а н к е м е м е с ;
- 3) M1, N1, O2 санаттары үшін білікке түсетін барынша жүктемесі 2 тоннадан к е м е м е с ;
- 4) L3, L4, L5 санаттары үшін 1 доңғалаққа түсетін барынша салмақ 0,6 тонна.

34. Барлық тежеуіш стенділерінің санаттарына мыналар кіреді:

- 1) орнатылған өлшеу жүйесі;
- 2) тежеуіш жүйесінің тиімділігін тексеру мүмкіндігі;
- 3) автомобильдің барлық түрлері үшін педальды күшейту өлшегіш датчигі;
- 4) көлік құралдарының тежеуіш жүйесіндегі қысымның түсуін

пневматикалық жетекпен өлшеу мүмкіндігі;

5) автомобиль тежеуіш жүйесінің іске қосылған уақытын тежеуіш жүйесінің пневматикалық жетегімен өлшеу мүмкіндігі;

6) тежеуіш стендінде тексеру кезінде жүк көлік құралының роликтік секциясына көтеру мүмкіндігін немесе білігіне жүктемені имитациялауды қ а м т и д ы .

35. Газ анализатор және түтін өлшегіштер мыналарды қамтиды:

1) СО және СН газ анализатор;

2) Lambda коэффициентін өлшеу;

3) дизельді қозғалтқыштың түтін деңгейін өлшеу.

36. Жарық фарын тексерудің электрондық аспабы мыналарды қамтиды:

1) фарлардың барлық түрін тексеру;

2) жарық күшін тексеру.

37. Ақаулы және (немесе) белгіленген мерзімде тексеруден өтпеген бақылау-диагностикалық жабдықты пайдалануға жол берілмейді.

38. Техникалық байқау операторлары көлік құралдарының міндетті техникалық байқаудан өткізуді көлік құралдарын міндетті техникалық байқаудан өткізудің технологиялық процестеріне сәйкес жүзеге асырады. Көлік құралдарын міндетті техникалық байқаудан өткізудің технологиялық процесі әрбір стационарлық және ұтқыр техникалық байқау желілері үшін анықталған әдістерін және көлік құралдарымен олардың құрамдас бөліктерінің техникалық жай-күйінің осы Қағидамен және «Автоматокөлік құралдары. Міндетті техникалық байқау. Бақылаудың әдісі.» 1811-2011 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандартымен (бұдан әрі – 1811-2011 ҚР МС) белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру бірізділігін қамтиды. Техникалық байқау орталығының аумағына және үй-жайына қойылатын талаптар 1811-2011 ҚР МС б е л г і л е н е д і .

39. Міндетті техникалық байқау өткізу екі кезеңді қамтиды: дайындық және н е г і з г і .

40. Міндетті техникалық байқауды өткізудің дайындық кезеңінде:

1) көлік құралының маркасы, моделі және модификациясы белгіленеді;

2) көлік құралының түсі белгіленеді;

3) тіркеу белгілерінің бар болуы тексеріледі;

4) көлік құралының конструкциясына енгізілген өзгерістердің болуы б е л г і л е н е д і ;

5) алынған қорытындылар көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің деректерімен салыстырылады (салғастырылады).

41. Міндетті техникалық байқаудың негізгі кезеңі жиынтыққа қатысты тексеруден, пайдалану қауіпсіздігінің жекелеген қасиеттерін сипаттайтын



параметрлердің шекті мәндерін, жекелеген құрамдас бөліктердің тозығын (ақауларын) пайдалануда рұқсат етілген шектеулерді, жұмыс қабілеттілігі көрсеткіштерінің шекті ықтимал нашарлауын сипаттайтын нормаларды, автокөлік құралдарының конструкцияларын өзгертудің рұқсат етілген шегін шектеуді,

оның ішінде:

1) тежеуішті басқаруды:

тежеуіш жүйесінің жұмыс істеу тиімділігін;  
тұрақта тұру тежеуіш жүйесінің жұмыс істеу тиімділігін;  
блоктауға қарсы тежеуіш жүйелері сигнализаторларының жұмыс істеуі;  
тежеуіш жүйелерінің элементтерінің жай-күйі және тежеуіш жетегінің

тұмшалануы

2) рульді басқаруды:

руль тетігінің және оны бекітетін карттердің, руль жетегінің, руль дөңгелегінің және руль колонкасының механикалық жай-күйі мен жұмыс істеуі;  
жалпы люфті;

3) көру:

көру аясы;  
эйнектердің жай-күйі;  
артқы көру айнасының жай-күйі және бекітілуі;  
эйнек тазалағыштар;  
эйнек жуғыштар;

4) сыртқы жарық аспаптарының, көзді шағыстырғыштар мен электр жабдығының саны, орналасуы, түстері, көру бұрыштары, жай-күйі, жұмыс істеуі және сипаттамалары:

алыс және жақын фаралар;  
алдыңғы және артқы габариттік (бүйір) оттары, бүйір сигналдық шамдары;  
тежеуіш сигналдары;  
бұру сілтегіштері;  
алдыңғы және артқы тұманға қарсы фаралары;  
артқа жүру шамдары;

артқы нөмірлік белгіні жарықтандыратын кішкене лампалары;  
авариялық сигнализация (көлік құралының конструкциясымен көзделген жағдайда);

5) дөңгелектер, шиналар мен аспалар:

шиналар бұжыртабанының тозуы және зақымдалуы;  
аспа элементтерінің және оларды бекіткіштердің (рессорлар, амортизаторлар, аспа иіңтірегiшiнiң, шарнир элементтерінің) механикалық жай-күйі;  
доңғалақтардың дискілері мен құрсауларының жай-күйі, олар бекітілетін элементтердің бар болуы;

б) шасси мен шассиге агрегаттар мен тораптарды бекіту элементтерінің: түтін түтіктері мен тұншықтырғыштардың; көлік құралының (тек автобустарға, шағын автобустарға және таксиге қатысты) салоны мен кабинасында зиянды заттардың болуы; тіркеу құрылғыларының; еденнің (тек автобустарға, шағын автобустарға және таксиге қатысты); жүргізуші мен жолаушылар орындықтарының (тек автобустарға, шағын автобустарға және таксиге қатысты); бамперлердің, шашыраудан қорғауға арналған құрылғылардың жай-күйі мен жұмыс істеуі;

7) өзге де жабдықтың: қауіпсіздік белдіктерінің, балаларға арналған ұстау құрылғылары мен оларды бекіту орындарының; өрт сөндіру құралдарының (тек автобустарға, шағын автобустарға, таксиге және қауіпті жүктерді тасымалдайтын көлік құралдарына қатысты); авариялық тоқтау белгілерінің; алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған дәрі-дәрмек қобдишасының (тек автобустарға, шағын автобустарға, таксиге және қауіпті жүктерді тасымалдайтын көлік құралдарына қатысты); дыбыстық сигналының; спидометрдің бар болуы, жай-күйі мен жұмыс істеуі;

8) қоршаған ортаға әсер ететін факторлар: пайдаланылған газдар; жанармайдың және пайдаланылатын сұйықтықтардың ағуы (моторлық және трансмиссиялық май, тежеуіш, гидравликалық және суытатын сұйықтық).

42. Міндетті техникалық байқауды өткізудің негізгі кезеңінде көлік құралының қандай да бір бөлігін ажыратусыз немесе алып тастаусыз орындалады.

43. Тіркемелер мен жартылай тіркемелердің техникалық жай-күйі автопоезд құрамында да, ағытылған жай-күйінде де (тартым-тіркеме құрылғысы мен тежегіш блоктауының жарамдылығын бақылау үшін) тексеріледі.

44. Жүк автомобильдерінің, тіркемелер мен жартылай тіркемелердің техникалық жай-күйін тексеру толық жүктеме кезінде жүргізіледі.

45. Көлік құралына міндетті техникалық байқауды жүргізу нәтижелері бойынша техникалық байқау операторы техникалық байқаудың диагностикалық картасын (бұдан әрі – диагностикалық карта) жасайды, оның негізінде міндетті техникалық байқаудан өту туралы куәлік оның қолданылу мерзімі көрсетілетін отырып беріледі.

Көлік құралын міндетті техникалық байқаудан өткізу нәтижелері бірыңғай

диагностикалық картаға қалыптастырылады.

46. Диагностикалық картаға техникалық байқау орталығының маманы қол қояды және көлік құралының иесіне беріледі.

47. Міндетті техникалық байқаудан өткендігі туралы куәлікке техникалық байқау операторының басшысы немесе осыған уәкілеттік берілген тұлға қол қояды .

**Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1532 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

48. Диагностикалық картаны толтыруды техникалық байқау операторы міндетті техникалық байқаудың бірыңғай ақпараттық жүйесімен өзара іс-әрекетін жүзеге асыратын мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуде қағаз тасығышта және электрондық түрде жүргізеді.

49. Стационарлық және ұтқыр техникалық байқау желілері міндетті техникалық байқауды жүргізу нәтижелері туралы ақпаратты қалыптастыру, сақтау және беру үшін міндетті техникалық байқаудың бірыңғай ақпараттық жүйесімен өзара іс-әрекетін жүзеге асыратын мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ететін бағдарламалық-аппараттық кешенмен жабдықтанады.

50. Міндетті техникалық байқаудың бірыңғай басқару жүйесі орталықтандырылған, бірыңғай цифрлық хаттама бойынша біріктірілген және мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) бақылау-диагностикалық жабдықты басқару үшін белгіленген бағдарламалық қамтамасыз етудің болуы;

2) цифрлық хаттама негізінде жұмыс істеу;

3) ресми және (немесе) мемлекеттік тілдердегі интерфейсі болады.

51. Бағдарламалық-аппараттық кешен компьютерлік жабдықпен көлік құралының бекіту құралынан тұрады.

Көлік құралының тежеуіш жүйесін тексеру фото бекітілген роликтік тежеуіш стендісімен қамтамасыз етіледі. Фото бекіту құралы роликтік тежеуіш стендісінде мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі және автомобильдің алдыңғы білігі орналасуымен бір мезгілді шолумен қамтамасыз етеді.

Міндетті техникалық байқаудан өткізу технологиялық үдерісі бейне бекіту құралымен тіркеледі. Бейне құралы барлық техникалық байқау желісі орналасуымен бір мезгілді шолумен қамтамасыз етеді.

Техникалық байқаудың операторы көлік құралдарының тексеру барлық рәсімін күн сайынға бейне файлы жазбасының мұрағаттық сақталуын 6 ай ішінде қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 51-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.08.07 N 1027 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

52. Міндетті техникалық байқауды жүргізу нәтижелері бойынша мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы міндетті техникалық байқаудың бірыңғай ақпараттық жүйесіне көлік құралының иесі, көлік құралы, міндетті техникалық байқауды жүргізу нәтижелері, куәліктердің берілген бланктері туралы ақпарат беріледі.

53. Егер міндетті техникалық байқауды жүргізу нәтижелері бойынша көлік құралын пайдалануға тыйым салынатын ақаулар мен шарттар анықталмаса, міндетті техникалық байқау өткізілді деп саналады.

Бұл жағдайда көлік құралының иесіне диагностикалық картаның негізінде міндетті техникалық байқаудан өткендігі туралы куәлік келесі міндетті техникалық байқауды жүргізу күнін көрсетіле отырып беріледі.

54. Егер міндетті техникалық байқауды жүргізу нәтижелері бойынша көлік құралын пайдалануға тыйым салынатын ақаулар мен шарттар анықталса, міндетті техникалық байқау өткізілген жоқ деп танылады.

Бұл жағдайда көлік құралының иесіне ақаулары көрсетілген диагностикалық карта беріледі.

55. Көлік құралын пайдалануға тыйым салынатын анықталған ақаулар мен шарттар жойылғаннан кейін көлік құралының иесі оны міндетті техникалық байқауды қайта жүргізу үшін ұсынады.

56. Көлік құралын қайта міндетті техникалық байқау бірінші міндетті техникалық байқау жүргізілген техникалық байқау орталығында не өзге техникалық байқау орталығында жүргізіледі.

57. Көлік құралын қайта міндетті техникалық байқау кезінде бірінші міндетті техникалық байқау жүргізілген техникалық байқау орталығында міндетті техникалық байқау белгіленген критерийлерге сай келмеген және бұл туралы диагностикалық картада көрсетілген көрсеткіштер бойынша ғана жүргізіледі.

Бұл жағдайда техникалық байқау операторы жаңадан қаралатын позицияларды тексеру үшін ғана төлемақы алады.

Қайта міндетті техникалық байқауды жүргізу қорытындысы бойынша қайта міндетті техникалық байқау барысында тексерілген ұстанымдар бойынша диагностикалық карта құрастырылады.

58. Техникалық байқау операторларына көлік құралының иесіне қайта міндетті техникалық байқауды жүргізуден бас тартуға рұқсат етілмейді.

59. Көлік құралы иесінің міндетті техникалық байқауды жүргізу кезінде ақауларды анықтағаннан кейін қайта міндетті техникалық байқауға ұсынуының ең ұзақ мерзімі күнтізбелік он күнді құрайды.

60. Күнтізбелік он күн өткеннен кейін көлік құралының жай-күйін осы Қағидада белгіленген талаптарға сәйкестігіне тексеру жалпы негіздерде жүзеге асырылады.

61. Егер қайта міндетті техникалық байқау жүргізу кезінде бұрын анықталған және диагностикалық картада көрсетілген, көлік құралын пайдалануға тыйым салынатын ақаулар мен шарттар жойылмағаны белгіленсе, диагностикалық карта жасалады, онда қайта міндетті техникалық байқау нәтижелері көрсетіледі.

Көлік құралының иесі міндетті техникалық байқаудан өткені туралы куәлікті жоғалтқан кезде, техникалық байқау операторына көлік құралының міндетті техникалық байқауын өткізбей міндетті техникалық байқаудан өткені туралы жоғалған куәліктің орнына міндетті техникалық байқаудан өткені туралы куәлік беру туралы өтінішпен жүгінеді.

Техникалық байқау операторы дереу көлік құралының міндетті техникалық байқаудан өткізбей жоғалтқан міндетті техникалық байқаудан өткені туралы куәлігінің орнына міндетті техникалық байқаудан өткені туралы куәлігін беруін жүзеге асырады.

Міндетті техникалық байқаудан өткені туралы жоғалған куәліктің орнына міндетті техникалық байқаудан өткені туралы куәлік міндетті техникалық байқаудан өткені туралы жоғалған куәліктің іс-әрекет мерзіміне беріледі.

Көлік құралының иесі міндетті техникалық байқаудан өткені туралы жоғалған куәліктің орнына міндетті техникалық байқаудан өткені туралы куәлікті бергені үшін техникалық байқау операторына бланктік өнімді іске асыру қызметіне төлеу құны мөлшерінде ақы төлеуді жүргізеді.

Көлік құралының меншік иесі мен мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі өзгерген жағдайда көлік құралын тіркеу орны бойынша жол полициясының тіркеу бөлімшесі көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәлігін және/немесе мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісін беру кезінде бір уақытта міндетті техникалық байқаудан өткені туралы куәлікке тиісті өзгерістерді енгізуді жүргізеді.

62. Техникалық байқау операторы көлік құралдарын міндетті техникалық байқауды жүргізу нәтижелері туралы дерекқорды күнделікті (өсу нәтижесімен) резервті көшіруді, сондай-ақ міндетті техникалық байқауды жүргізу нәтижелері туралы ақпараты бар дерекқор көшірмелерін мұрағатты сақтауды (өсу нәтижесімен) ұйымдастырады. Дерекқор көшірмелері үш жыл бойы сақталады.

63. Техникалық байқау операторының техникалық байқаудың стационарлық желілерінің көлік құралдарын міндетті техникалық байқауды жүргізуі бойынша ақпараты күн сайын онлайн режимінде міндетті техникалық байқаудың бірыңғай ақпараттық жүйесіне беріледі.

Ескерту. 63-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1532 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

64. Техникалық байқау операторының техникалық байқаудың ұтқыр

желілерінің көлік құралдарын міндетті техникалық байқауды жүргізуі бойынша ақпараты күнтізбелік екі күнде бір рет міндетті техникалық байқаудың бірыңғай ақпараттық жүйесіне беріледі.

Ескерту. 64-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1532 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

65. Міндетті техникалық байқаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі көлік құралдарының міндетті техникалық байқаудан өтулерін есепке алу, көлік құралдарының техникалық жай-күйі бойынша статистикалық талдау және жеке тұлғалар ағымдағы жыл үшін көлік құралдары салығын төлеу бойынша салық міндеттемелерін орындау туралы ақпаратты салық қызметі органдарына беруге және есебін жүргізу үшін арналған.

66. Міндетті техникалық байқаудың бірыңғай ақпараттық жүйесінде көлік құралдарының міндетті техникалық байқаудан өткендігі туралы куәліктер бланкілерінің нөмірлік есебі жүргізіледі.

Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1532 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

67. Міндетті техникалық байқаудың бірыңғай ақпараттық жүйесін толтыру талаптарын уәкілетті орган бекітеді.

68. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1532 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

69. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1532 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқауды ұйымдастыру және жүргізу қағидасына  
1-қосымша

### Міндетті техникалық байқаудан өткені туралы куәлік бланкілерін есепке алу және беру журналы

Р/с №	Міндетті техникалық байқаудан өткені туралы	АКҚ маркасы мен мемлекеттік нөмірі	Міндетті техникалық байқаудан өткен күні	Міндетті техникалық байқаудан өткені	Ескертпе
-------	---	------------------------------------	--	--------------------------------------	----------

	куәлік алған жеке тұлғаның Т.А.Ә. немесе заңды тұлғаның атауы			туралы берілген куәлік бланкісінің №	
1	2	3	4	5	6

**Механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқауды ұйымдастыру және жүргізу қағидасына**  
2-қосымша

**Міндетті техникалық байқаудан өткені туралы куәлік бланкілерін тіркеу, есепке алу және беру журналы**

Р/с №	Уәкілетті органнан алынған міндетті техникалық байқаудан өткені туралы куәлік бланкілерінің № бастап № дейін және саны	Техникалық байқау орталығына берілген міндетті техникалық байқаудан өткені туралы куәлік бланкілерінің № бастап № дейін және саны	Міндетті техникалық байқаудан өткені туралы куәлік бланкілерінің техникалық байқау орталығына берілген күні	Ескертпе
1	2	3	4	5

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 1 7 м а м ы р д а ғ ы  
№ 5 2 3 қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

**Механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудан өткізудің кезеңділігі**

**Ескерту. Кезеңділік жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1532 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша орталық атқарушы органда тіркелген механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудан өткізу техникалық байқау орталықтарында мынадай кезеңділікпен жүргізіледі:

1) әрбір 12 ай сайын – шығарылған жылын қоса алғанда, 7 жыл және одан а с а т ы н ;

2) әрбір 24 ай сайын – шығарылған жылын қоса алғанда, 3 жылдан 7 жылға д е й і н ;

3) әрбір 36 ай сайын – шығарылған жылын қоса алғанда, 3 жылға дейін.

2. Адамдарды тасымалдау үшін жабдықталған автобустар, шағын автобустар және таксилер, сондай-ақ жүк автомобильдері меншік нысанына және шығарылған жылына қарамастан, міндетті техникалық байқаудан әрбір алты ай сайын өтеді.

3. Қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған және жабдықталған автокөлік құралдары меншік нысанына және шығарылған жылына қарамастан, міндетті техникалық байқаудан әрбір алты ай сайын өтеді.

4. Жүк автомобильдері және оларға тіркемелер меншік нысанына және шығарылған жылына қарамастан, міндетті техникалық байқаудан әрбір 12 ай сайын өтеді.

5. Механикалық көлік құралдарының және олардың тіркемелерінің бұдан кейінгі міндетті техникалық байқаудан өту мерзімі 1, 2, 3 және 4-тармақтарда көрсетілген кезеңділікке сәйкес бастапқы міндетті техникалық байқаудан өту күнінен бастап есептеледі.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

1 7

м а м ы р д а ғ ы

№

5 2 3

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Нысаны

### № \_\_\_\_ техникалық байқаудың диагностикалық картасы

Ескерту. Диагностикалық карта жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.08.07 № 1027 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Беткі жағы

Техникалық	байқау	операторы
(оператордың атауы мен мекенжайы):		
Бастапқы тексеру	Қайталап тексеру	Диагностикаланатын көлік құралының фотосуреті
Мемлекеттік тіркеу нөмірінің белгісі:		
Көлік құралының иесі		
Сәйкестендіру нөмірі (VIN):		
Маркасы, моделі:		
Шығарылған жылы:		
Көлік құралының тіркелу куәлігі (сериясы, нөмірі):		
Шанақ нөмірі:		
Рама нөмірі:		



Қозғалтқышының нөмірі:

Көлік құралының санаты:

№	Тексерілетін параметрлері және қойылатын талаптар	№	Тексерілетін параметрлері және қойылатын талаптар	№	Тексерілетін параметрлері және қойылатын талаптар
I. Тежегіш жүйелері		13	Реттеу бұрыштары мен фарлар жарығы күшінің қойылатын талаптарға сәйкестігі	26	Аспа түйіндері мен бөлшектерінің жай-күйі, сондай-ақ олар бекітілетін жерлерде қозғалыстың (конструкциямен көзделмеген) және лифтердің болмауы
1	Жұмыс тежегіш жүйесі іс-қимылының тиімділігі көрсеткіштерінің сәйкестігі	14	Жарық аспаптары шашыратқыштарының бұзылулары мен жарықшақтарының болмауы	<b>VI. Қозғалтқыш және оның жүйелері</b>	
2	Тежегіш күштер айырмашылықтарының белгіленген талаптарға сәйкестігі	<b>III. Көрініс</b>		27	Көлік құралдарының пайдаланылған газдарындағы ластандырғыш заттардың белгіленген талаптарға сәйкестігі
3	Тұрудағы тежегіш жүйесі іс-қимылдарының тиімділігі көрсеткіштерінің сәйкестігі	15	Желқағар әйнектің әйнек тазалағыштарының болуы және жұмыс қабілеттілігі		Пайдаланылған газдардың түтіндегіштігінің шекті рұқсат етілген деңгейінің белгіленген талаптарға сәйкестігі
4	Блоктауға қарсы тежегіш жүйелері сигналбергішінің жұмыс істеуі	16	Желқағар әйнектің әйнек жуғыштары форсункаларының болуы және әйнек жуғыштың әйнек жуу аймағына сұйықтық беруді қамтамасыз етуі	29	Отын тамуының және пайдалану сұйықтықтарының тамшылауының болмауы
5	Тежегіш жетегінің герметикасы бұзылуының, қысым түскен тежегіш шлангтердің ісінуінің, жарықшақтардың, ысқыланған жерлердің, герметиканың жоғалуына немесе қирау қаупін төндіретін тотығудың болмауы	17	Жүргізуші орнынан көріністі шектейтін қосымша заттардың немесе жамылғылардың болмауы. Желқағар әйнектің жоғарғы бөлігіндегі пленка жолағының белгіленген талаптарға сәйкестігі	30	Газбен жұмыс істейтін көлік құралдарының герметикалық жүйесінің бұзылуларының болмауы. Газ баллондарының белгіленген талаптарға сәйкестігі
6	Тежегіш сұйықтықтарының тамуының болмауы	18	Желқағар әйнектің, алдыңғы бүйірлік әйнектің және алдыңғы есіктер әйнегінің жарық өткізу нормасына сәйкестігі	<b>VII. Конструкцияның басқа элементтері</b>	
			Жүргізуші жағынан әйнек тазалағышпен әйнектің жартысын		

<b>II. Рулдік басқару</b>		19	тазалау аймағында желқағар әйнекте жарықшақтың болмауы	31	Дыбыстық сигнал беру аспабының жұмыс қабілеттілігі
7	Рулдік басқаруда шекті мәндерден жиынтық люфтың артуының болмауы	20	Белгіленген талаптарға сәйкес артқы көрініс айнасының болуы және жай-күйі	32	Бір осьтік тіркемелерде (таркатуды қоспағанда) және жұмыс тежегіш жүйелермен жабдықталмаған тіркемелерде жұмысқа қабілетті сақтандырғыш құрал-саймандардың болуы
8	Рулдік басқару күшейткіші бар рулдік доңғалақтың бейтарап жағдайдан өздігінен бұрылуының болмауы	<b>V. Шиналар, доңғалақтар және аспалар</b>		33	Автоматты құлыптың, ершікті-ілініс құрылғысының қолдық және автоматтық блоктауының жұмыс қабілеттілігі
9	Рулдік бағанның және рулдік механизм қартерінің бекіту бөлшектерінің зақымдануының болмауы және толық жинақталымы	21	Шина бұжыртабандары суретінің биіктігінің белгіленген талаптарға сәйкестігі	34	Көлік құралын жарамды қауіпсіздік белбеулерімен жарақтау
10	Қалдық деформация іздерінің, рулдік механизмде және рулдік жетекте жарықшақтар мен басқа да ақаулардың болмауы	22	Кордты жалаңаштайтын бұжыртабанның жергілікті ажырауы және шинаның жергілікті зақымданулары (тесілуі, кесілуі, жыртылуы) болмауы	35	Тұншықтырғыштардың және түтін түтіктерінің болуы
				36	Спидометрдің жұмыс қабілеттілігі
<b>IV. Сыртқы жарықтық аспаптары</b>		23	Доңғалақ дискілері мен құрсаулары бекітпесінің барлық бұрандамалары мен сомындарының болуы	37	Бамперларының және доңғалақ үстінің ластанудан қорғау құрылғыларының болуы
11	Конструкцияда көзделген орындарда фарлардың, сигнал фонарларының болуы және орналасуы	24	Доңғалақ дискілері мен құрсауларында жарықшақтың болмауы	38	Салон еденінде жарықшақтардың болмауы, орындықтардың сенімді бекітілуі, автобустарда, шағын автобустарда және т а к с и д е орындықтардың реттеу механизмдерінің және бекітпелерінің жұмыс қабілеттілігі
	Фарлардың және сигналдық фонарлардың				Белгіленген талаптарға сәйкес келетін авариялық аялдау

12	жай-күйі, жұмыс қабілеттілігі және жұмыс режимі	25	Белгіленген талаптарға сәйкес көлік құралына шиналарды орнату	39	белгісінің, өртсөндіргіштердің және медициналық қобдишаның болуы
----	---	----	---	----	--

## Екінші жағы

Диагностикалау нәтижелері				
Сәйкессіздік анықталған параметрлерді тексеру				Диагностикалық карта пункті
Төменгі шекара	Тексеру нәтижесі	Жоғарғы шекара	Параметр атауы	
Сәйкессіздік анықталған параметрлерді визуалды тексеру				
Тексеру заттары (торап, бөлшек, агрегат)	Талаптарға сәйкессіздік мазмұны			
Көлік құралының деректері				
Жүктемесіз масса:			Рұқсат етілген ең көп масса:	
Отын түрі:			Жүрісі:	
Жол қауіпсіздігі талаптарына сәйкестілік /сәйкессіздік туралы қорытынды (қажет емесі сызып тасталсын)			сәйкес келеді	сәйкес келмейді
Қайталап тексеруді талап ететін диагностикалық карта пункттері:				
Күні:			Қолы:	
Техникалық сарапшының Т.А.Ә:				